

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ТЕЛЕРАДИО ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС КАФЕДРАСЫ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ ЖӘНЕ
МЕДИА КОММУНИКАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ спорт журналистикасының негізін қалаған
көрнекті қаламгер Сейдахмет Бердіқұловтың
90 жылдығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ



Астана, 2024 жыл

ӘОЖ 070(574)
КБЖ 76.0(5Каз)я431
Қ22

**Жалпы редакциясын басқарған «Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы –
Ректор, ҚР ҰҒА академигі Е.Б. Сыдықов**

Редакция алқасы: Сақ Қ.Ө. (төраға), Дүйсенғазы С.М.,
Байгожина Д.О., Омаров М.М., Сабыр Ә.Б. (жауапты редактор),
Мәулен Е.М., Алғалиева Г.С., Мүтәрбек А.

«Қазіргі қазақ спорт журналистикасы және медиакоммуникация мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.

Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 203 бет. – қазақ, орыс, ағылшын.

ISBN 978-601-337-927-2

Жинақта қазіргі қазақ журналистикасы мен спорт журналистикасының өзекті мәселелері және заманауи медикоммуникацияның даму тенденциялары талданған ғылыми мақалалар топтастырылған.

Журналистика және әлеуметтік ғылымдар саласын зерттеп жүрген ғалымдарға, докторанттарға, магистранттарға, студенттер және практик мамандарға пайдалануға ұсынылады. Басылымның мәтін, суреттерін автордың рұқсатынсыз пайдалануға болмайды. Мақалалардың мазмұнына редакция алқасы жауап бермейді.

ӘОЖ 070(574)
КБЖ 76.0(5Каз)я431

©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024

Қалбай Әлия Бахтиярқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының докторанты

Байгожина Дана Онирбековна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының қауымд. профессор (доцент) м.а., PhD

Мәдениет саласының интерпретациялық проблемалары

Аңдатпа. Жаһандану дәуіріндегі мәдени кеңістікке кіретін әдебиет, өнер, тарих, кино сынды салалардың қоғам өмірі мен адам санасына әсерін анықтау – күн тәртібінен түспеуге тиіс мәселенің бірі. Мәдениеттің мәнін түсіну үшін мәдени интерпретация ұғымына, функциясына жүгіну аса маңызды. Бұл өз кезегінде өнер және әдебиет туындыларын олардың мәдени бастау, мағына контекстінде түсінуге, тұжырым жасауға негіз болады.

Мәдени интерпретация мәдениетпен бірге жүретін жүйе. Ұғым ретінде де, тұжырым ретінде де тарихи тұрғыда зерттеліп, ғылыми айналымға енгеніне 2 ғасырға жуық уақыт болды. Мақалада салыстыру, бағалаудан бастау алған мәдени интерпретация қазір түрлі бағытта басымдығы бар зерттеудің қуатты құралы ретінде қарастырылады.

Зерттеу жұмысында түрлі тарихи кезеңдердегі мәдениет саласының интерпретациялық проблемаларының процесі талданады. Мәдениеттер арасындағы өзіндік ерекшеліктерге ұлттық дүниетаным призмасынан қарап, туындыларға талдау жасалады. Қазақстандық кинолардың мәдени мәні, дәстүр мен діндегі сабақтастық мәселелеріне назар аударылады. Сана дағдарысына ұшыратуы мүмкін құбылыстар анықталып, тарихи талдау жүргізіледі. Мәдениет арқылы елдің саяси-экономикалық жағдайынан бастап бар саласын бағамдауға болатыны мысалдармен дәлелденеді. Демек мәдениетті мемлекеттің тіреуіші ретінде зерттеу қай қырынан қарасақ та аса маңызды аспект.

Түйін сөздер: мәдениеттану, мәдени интерпретация, постмодернизм, мәдени құбылыстар, әлеумет, дүниетаным

Кіріспе. Белгілі зерттеуші Б.Б. Алпеисов мәдениеттің адамсыз жасалмайтынын алға тартады. Осы тұжырым негізінде адамның дамуын тікелей мәдениетпен байланыстырады. Яғни осы өзара тәуелдікті анықтай алғанда ғана мәдениеттің адамзат тарихында, адам өмірінде алатын орнын түсінуге болатынын айтады [1;9]. Мәдениеттану саласы қоғамды тәрбиелеуге, психологиялық мінез-құлықты дұрыс қалыптастыруға, әдебиет пен өнердің қарқынды дамуына әсер ететін негізгі салалардың бірі. Интерпретация – мәдени құбылыстар мен нышандарды олардың тарихи, әлеуметтік және мәдени контексті арқылы талдау және түсіну процесі. Бұл

ұғым психиатрияда маңызды рөл атқарады. Мәдениеттің адамдардың психикалық денсаулығы мен мінез-құлқына әсерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Салыстырмалы мәдениеттанудағы интерпретацияның анықтамасы мен қасиеттерін, оның тарихы мен дамуын, өнердегі, әдебиеттегі және мәдениетаралық өзара әрекеттегі рөлін қарастыру аса маңызды.

Әдебиетке шолу. Мақала жазу барысында мәдениеттану саласына қатысты терең зерттеу жүргізген шетелдік ғалымдардан Е. Борзова, О. Ромах, А. Тарасов еңбектері қолданылды. Отандық зерттеулерден Б. Алпеисов, мәдени сарапшы Ә. Бөпежанова, кино өнері туралы зерттеулер мен мақалалардың авторы С. Абдрахманов еңбектері негізге алынды.

Зерттеу әдістері. Мақалада теориялық талдау, нақтылау, жалпылау, салыстырмалы тарихи талдау, жүйелеу әдістері арқылы мәдениеттанудың интерпретациялық проблемалары анықталады.

Талқылау мен нәтижелер. Мәдени интерпретация – мәдени контексттер мен перспективалар объективі арқылы мәдени құбылыстарды, белгілерді, идеяларды және мәтіндерді түсіну және түсіндіру процесі. Ол әрбір мәдениеттің өзіндік бірегей құндылықтары, нормалары, нанымдары және адамдардың ақпаратты түсіну және түсіндіру қабілетіне әсер ететін әлемді көру тәсілдері бар деген болжамға негізделген. Ол өнер, әдебиет, музыка, фильмдер және т.б. сияқты мәдени көріністерді түсіну мен бағалауға мүмкіндік береді. Бұл әртүрлі мәдениеттердің бұл көріністерді қалай қабылдайтынын және түсіндіретінін және олардың өзіндік болмысын, тарихын және құндылықтарын қалай көрсететінін көруге сеп болады. Мәдени интерпретация – мәдени құбылыстарды және олардың өмірімізге әсерін зерттеу мен талдаудың маңызды құралы. Бұл бізге мәдени құзыреттілік пен әртүрлі мәдениеттерге ашықтықты, дамуды айқындайды. Ол өз кезегінде әртүрлі мәдени ортадағы адамдар арасындағы үлкен түсіністік пен ынтымақтастыққа ықпал етеді. Мәдени құбылыстарды түсіну, түсіндіру үшін алдымен салыстыру қажет. Демек мәдени интерпретация салыстырмалы мәдениеттанумен сарындас сала.

Мәдени интерпретацияның 19-ғасырдағы антропология мен этнографияның пайда болуынан бастау алатын ұзақ тарихы бар. Ал салыстырмалы мәдениеттану тарихы тереңде болғанымен, 19-ғасырдан бастап қана кең қолданысқа енгізілді. Бұл ғасыр мәдениет теорияларын, тұжырымдарын жасауға бастама берді. О. Шпенглер, П. Сорокин, А. Тойнби сынды ғалымдар аталған сала туралы зерттеулер жүргізді. Ал мәдениет, салыстырмалы мәдениеттануға арналған ауқымды еңбекті ғылыми айналымға 20-ғасырдың орта тұсында атақты америкалық мәдениеттанушы, әлеуметтанушы Лесли Уайт енгізді [2;7]. Сол кезеңде ғалымдар әртүрлі мәдениеттерді зерттей бастады және олардың ерекшеліктері мен мағыналарын түсінуге тырысты. Олар әр мәдениеттің өзіне тән нышандары, әдет-ғұрыптары, нанымдары мен әлемдегі мәдениетті қабылдау тәсілдері бар екенін түсінді. Этнография мен антропологияның дамуымен мәдени құбылыстарды түсіндіру мен түсіндіру қажеттілігі туындады. Ғалымдар

мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды және олардың адамдардың мінез-құлқы мен ойлауына әсерін түсіну және түсіндіру жолдарын іздей бастады. Жиырмамыншы ғасырда мәдени интерпретация әдебиеттану, өнертану және философия сияқты гуманитарлық ғылымдар аясында белсенді түрде дами бастады. Ғалымдар әртүрлі өнер және әдебиет туындыларын зерттеп, олардың мәдени мәні мен әсерін түсіну үшін олардың символдарын, мотивтерін және тақырыптарын талдады.

Өткен ғасырдың аяғында постструктурализм мен постмодернизмнің пайда болуымен мәдени интерпретация бұрынғыдан да күрделене түсті. Ғалымдар мәтін мен мәдениеттің арақатынасын, мәдени құбылыстарды түсіндірудегі билік пен идеологияның рөлін зерттей бастады.

Бүгінгі таңда мәдени интерпретация өнер, әдебиет, кино, музыка, сән, дін және мәдениетаралық салаларды қоса алғанда, әртүрлі бағыттарда дамуын жалғастыруда. Бұл әртүрлі мәдениеттерді және олардың біздің өмірімізге әсерін жете түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда мәдени құзыреттілік пен толеранттылықты дамытуға ықпал етеді. Мәдени интерпретацияның өнер мен әдебиеттегі рөлі зор. Өнер мен әдебиет туындыларын олардың мәдени бастаулары мен мағынасы контекстінде түсінуге үйретеді. Бұл өнердің мәдени құндылықтарды, идеяларды және мәселелерді қалай көрсететінін және оларға түсініктеме береді. Ал әдебиетте мәдени интерпретация мәтіндерді олардың мәдени шығу тегі контекстінде түсінуге және талдауға көмектеседі. Ол әдеби шығармаларда кездесетін әлеуметтік, саяси және мәдени аспектілерді ашып, айқындайды.

Мемлекет басшысы адам капиталын дамытуға ерекше назар аудара бастады. Өйткені ұлттың ойлау деңгейі мен сапасына тікелей әсер ететін мәдениеттану бағытының дамуы бірінші орында. Шынына келсек, бүгінде балаларымыздың өз мәдениетімізді тереңінен түсінбей жатуы ең ауқымды мәселелердің бірі. Сондықтан әдебиет пен мәдениеттің, музыка мен ғаламтордың өскелең ұрпаққа беретін тәлімін ерекше зерттеу қажет. Жас ұрпақ тәрбиесінде театр мен концерт, киноның да маңызы зор. Қазір бұл салалардың репертуарында отандық өнімнен гөрі шетелдікі басымырақ. Бұл өскелең ұрпаққа өз мәдениетімізді терең түсінуге біраз қиындықтар тудырады. Дегенмен соңғы жылдары қазақстандық кинолардың саны артып жатыр. Бірақ оның мәні мен мағынасы қандай? Қазір кинотеатрларда қойылатын фильмдердің басым көпшілігі – комедия жанры. Ал комедия жанрын қарайтындардың көптігі оның рейтингінен-ақ көрінеді. Бірақ сол ел қызыға қарайтын қазақ комедияларының миссиясы қандай? Қазақ кинематографиясының тарихында «Көксерек», «Қыз Жібек», «Шоқ пен Шер», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі», «Ана туралы аңыз», «Ел басына күн туса», «Тақиялы періште», «Менің атым – Қожа», «Алпамыс мектепке барады» секілді шедеврлермен толықты. Олардың бірі махаббат хикаясын, екінші бірі білімге ұмтылыс, үшіншісі ел басына түскен қиын кезеңдер туралы және отбасы институтын сақтау мәселесіне қатысты болды. Бәрінің ерекше екіпін беріп, атын асқақтата жазу себебі бар. Бірі жас ұрпаққа,

бірі сценаристерге, бірі режиссерлерге, бірі актерлерге тәжірибе таразысы болды. 1970-1975 жылдардағы көркем және телевизиялық фильмдер туралы «Қазіргі қазақ киносы» тақырыбында дипломдық жұмыс жазған Сауытбек Абдрахманов «Көксерек» фильмі туралы «Көксерек» – түсірілу шеберлігі, таза кинематографтық компоненттері жағынан да биік мәдениетті фильм» деп бағалады [3;103]. Бала мен қасқырдың мысалында қанша дүниені қозғап, мәдениеттің терең мәні табылатын көркем фильмге берілген дұрыс баға осы. Бірақ біздің кинематографиядағы жетістігіміз, жеңісіміз тек бір Көксерекпен өлшенбейді. «Фильмнің басты жетістігі – әлгі «ұсақ» тақырыптан-ақ үлкен ойлар өрбітіп, жас адамның бойындағы мейірімділік, қайырымдылық, сезімталдық секілді қасиеттердің пайда болу, қалыптасу эволюциясын өзгеше нәзік формамен айтып, баланың бай бояулы әсем әлемін поэтикалық сыршылдықпен көрсете білуі, тәрбиелік мәні» екенін «Шоқ пен Шер» фильмінен байқағанын дәлелмен дәл сипаттап, алғы сөзіміздің ақиқат екенін айшықтай түседі [3;119]. Ал диплом жұмысының үшінші бөлімінде «Бұл кезеңде атап айтылуға тиіс басты жетістік, біздіңше, студиямыздың жақсы фильмдер жасай алатындығын, ұлттық кино өнерінің кәметтік белесіне аяқ басқандығын дәлелдеуі. Осы орайда біз «Қазақфильм» маркасымен шығарылып, талай талғампаз көрерменнің ыстық ықыласына бөленген, арысы халықаралық, берісі одақтық кинофестивальдардың жүлделерін иемденген «Мәншүк туралы ән», «Атаманның ақыры», «Қыз Жібек», «Шоқ пен Шер», «Орман балладасы», «Көксерек» секілді шығармаларды аузымен құс тістеген талай тұлпар фильмдердің қандай аламан бәйгесіне де қысылмай қосатын, қайра апарып көрсетсе де ұлттық өнерге тек жақсы ат әкелетін дүниелер деп бағалаймыз» деп, ұлттық киноны тұғырына тұрақтата жазды [3;129].

Ал бүгінгі кинолар арзан әзіл мен сапасыз актерлердің жиынтығы сияқты көрінеді. Өйткені фильмдерде кәсіби әртістерден гөрі әлеуметтік желі арқылы танылған, уақытша трендте болған адамдар жүр. Әрине егер олардың оқиғасы жан тебіренерлік болса немесе жаңалық ашса, түсіруге негіз бар. Бірақ кино төріне әркімді бір әкеліп отырғызса, оның не мән-мағынасы қалды? Қ.Салықовтың «Балкон» (1988), Р.Нұғмановтың «Ине» (1988), С.Апрымовтың «Қиян» (1989), Т.Теменовтің «Адамдар арасындағы бөлтірік» (1988), А.Әмірқұловтың «Отырардың күйреуі» (1991), Ә.Қарақұловтың «Әзәзіл қыз» (1991), Е.Шынарбаевтың «Сұр ұшбұрыштағы орын» (1993), С.Нарымбетовтің «Көзімнің қарасы» (1994), т.б. фильмдері қазақ киносының бастауындағы ең мықты туындылар еді. Кейіннен тарихи оқиғалар таспаланып, салаға салмақты салым салдық. 20 жылға жуық сарындастықты сақтаған қазақ киносы бұл күндері әзіл алаңы мен таптырмас табыс көзіне айналып кетті.

Көрермендердің көбі киноның түбіне түсіп, не көріп жатқанын, психологияға әсерін түсінуден қалып барады. Соның бір дәлелі шығар, қорқынышты киноны да, зорлық-зомбылық пен әділетсіздік, ашкөздік, арзан күлкіге толы фильмдерді бала-шағасымен отырып көре береді. Ал оны көрген

5 жасар бала қайталауға, еліктеуге әуес болады. Бұл мәселеде ата-ананың ғана емес, кинематография өкілдерінің де айыбы бар.

«Ұлттық кинематографияны қолдаудың мемлекеттік орталығы» КЕАҚ жыл сайын ұлттық фильм ретінде тануға үміткер киножобаларды іріктеу байқауын өткізбекші [6]. Атап өткендей, барлық киножобалар белгілі бір санатқа сәйкес келуі керек. Осыған орай, «Ұлттық кинематографияны қолдаудың мемлекеттік орталығы» 2024 жылы киножобаларды іріктеудің басым тақырыптарын жариялады. Бірінші бағытқа әлеуметтік маңызы бар көркем фильмдер: «Отбасы – мемлекеттің негізі», «Табысқа жету формуласы», «Құқықтық тәртіп», «Балалар – біздің болашағымыз», «Адам және табиғат», «Ұлтаралық келісім», «Өзі және қоғам алдындағы жауапкершілігі», «Ғылым және өмір», «Әскер», «Тарихи кино», «Спорт туралы фильмдер», «Мемлекеттік және ұлттық іс-шаралар мен мерекелерді танымал ету», «Еңбек адамы». Екінші бағытта анимациялық фильмдер, Отанға деген сүйіспеншілік, халықтық дәстүрлерді сақтау, отбасы құндылықтарын қорғау, ата-ана мен бала тақырыбы өскелең ұрпақ арасында рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу, көшбасшылық, мақсат қою, ынталандыру, этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтай отырып, Қазақстанның мәдени бірегейлігі, достық пен өзара көмектің маңыздылығы, жануарларды, адам мен табиғатты қорғау, мектептегі қорқыту мәселесі. Үшіншіден: деректі фильмдер, соның ішінде оқиғалық фильмдер: азаматтық қоғамның дамуы, көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстандағы бірлік, Қазақстанның тарихи, мәдени және табиғи мұрасы, қазіргі Қазақстан, саяси реформалар, халықтық дәстүрлерді сақтау, ортамыздағы батырлар, тарихи тұлғалар, мәдениет, ғылым және спорт қайраткерлері, мәдениет, ғылым және техника салаларындағы жетістіктер, экология және табиғи ресурстарды қорғау, ғылым және өмір, Қазақстан табиғатының ерекшеліктері. Ұлттық кинематография бұл ұсыныстарды неге жариялап отырғанын қоғамдағы мәселелерге қарап білуге болады. Демек идеологияның дұрыс бағытта жүргені еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Ал мәдениеттану саласы оның бастауы.

Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін бұрмалау да қоғам дертіне айналды. Өйткені дін атын жамылғандар әлеуметтік желілерде жалған ақпарат таратып, салт-дәстүрдің атына кір келтіруді, күмән білдіруді әдетке айналдырған. Салдарынан әлі қанаты қатая қоймаған жастарымыз ата-баба жолынан айнып та, тайып та жатыр. Өкініштісі сол, қазір екінің бірі сала маманындай сөз сөйлеп, эксперт болып кеткен. Ал оларға тоқтам қоятын, күмәнді іс-әрекеттерге тежеу жасайтын мәдениет өкілдерінің саны аз. Бірақ асыра діншілдер қазақтың салт-дәстүріндегі «сәлем салу», «7 шелпек пісіру», ұлттық аспап домбыраны да харам деп, ел арасына іріткі салды. Салдарынан қоғам қос топқа бөлініп, өзара дауға түсті. Бұл дау бүгін, ертең біте қоятын емес, қайта күннен күнге үдеп, дін мен дәстүрді бірін-біріне қарсы қойып келеді. Дегенмен біз ата-баба жолындағы дәстүрлі діндегі қағидаттарды адасушылардың айласынан асырып түсіруіміз қажет. Оған қажеттілік бар. Себебі дінді жақсы білмесе де, әрнәрсені айтуға сайланып алған

сарапшыларды жөнге салу қажеттілігі бар. Іздегенге сұраған деп ғаламторда уағыз айтушылар көбейді. Бірақ сақалдының бәрі серке емес, сәлделінің бәрі молда емес деген бар. Халық біріне ырза болады, біріне ыза болады. Ең қауіптісі – уағызшылардың мыңдаған, тіпті миллиондаған аудиториясы бар. Жұрт оларға сенеді де, солардың сөзін ақиқат деп ойлайды. Талас-тартысқа ұласып кететін сөздер, бағыттар, ұстанымдар сайып келгенде мемлекет ішіне іріткі салатын істер. Біз дәстүрді діннен, дінді дәстүрден ажыратпай, ата-баба жолымен жүрсек қана ұрпаққа мәдениетімізді толық жеткізе аламыз. Осы ретте Б.Б. Алпеисовтің «Мәдениеттің бір ерекшелігі оның бойында сабақтастықты терең сақтай білуінде» деген пікірі де ойды оң бағытқа қарай өрбітпек [1;10].

Өзінің дүниетанымдық негіздемесі ретінде белгілі үлгілерге әдейі бұрмаланған түрде сілтеме жасай отырып, әлемдік өркениет есебінің негізгі нүктесі болып табылатын эклектика жасалады. Бұл қоғамдағы адамдар кез келген мәселені тиісінше түсінбейді, оны жаңа сезімталдық идеясын айтуға итермелейтін барлық нәрселерден алшақтайды. Ол негізінен қоршаған ортаның деңгейін анықтайды және өзінің ішкі әлемінің көрінісі болып табылатын көркем шығармада өзін-өзі жүзеге асырады. Аталған мәселенің анық шешімі ретінде 1925 жылы «Еңбек туы» газетінде Жүсіпбек Аймауытов айтқан мына сөзін алуға әбден болады. «Заман түзеліп, бұлт ашылып, сәуле жайылған сайын адам да ағармақ, ескі күннен жиренбек. Ескіліктің кірін, істеп өткен мінін, жақсылықтың шетін көрген сайын жаңа рух пайда болып, алдыңғы заманның адамы түзеле бермек» деп ескі мен жаңаның естісін алып ағаруға нұсқайды [5;3].

Қорытынды. Постмодернизм, мәдениеттің бір түрі ретінде, үмітсіз, ескірген заманауи адамзат мәдениетін алмастыратын жалпыға бірдей таралуды талап етеді. Бұл жалқы да, жалпы да жай ұран емес. Филология ғылымдарының кандидаты А. Тарасовтың пікірінше мәдениет мұндай бұрылыстарды мәдениеттің дамуының маятниктік кезеңдері ретінде бірнеше рет бастан өткерді, оны оның дамуының белгілі бір заңдылығы деп санауға болады [4;37]. Сонымен қатар, постмодернизм, оның пікірінше, ескірген мәдениетті жеңу қажеттілігін жариялап қана қоймайды, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өз идеялары мен артефактілерін таңу арқылы бұл мәселені сәтті шешеді. Сыншы, мәдени сарапшы Әлия Бөпежанова қазіргі заман ұғымын мемлекеттік немесе ұлттық мазмұнмен ғана шектелмейтін кең ұғым екенін және өнер болмысы әлемдік контекстпен анықталатынын айтады. «Постмодернизм негізінен алғанда, бүкіләлемдік мәдениеттің жиынтығы, яғни терең білім, биік мәдениет» деп бағалайды [7;308].

Постмодернистердің негізгі сыны классикаға өзінің үштұғырлы жанын-ақиқатқа, жақсылық пен сұлулыққа деген ұмтылысын білдіретін мәдениеттің өзегі ретінде бағытталған. Сонымен қатар, күнделікті өмірде постмодернизмнің көркем мәдениеті және оның үлгілері қарапайым халық арасында сұранысқа ие емес. Постмодернизмнің көркемдік мәдениеті ХХ

ғасырдың соңғы үштен бірінде ғылыми-зерттеу және сыни әдебиеттерде дәлелденіп, өзінің шыңына жетеді. Сонымен бірге, оның ғылымында, атап айтқанда мәдениеттануда мәртебелік белгісіздік әлі де бар, бұл оны ХХ ғасырдың басындағы мәдени-тұлғалық мектептің ұстанымына ұқсас етеді. Мәдениетті талдаудың мәні оның аудармашыларының көзқарасының бағытына байланысты болды. Әрине, сыртқы сипаттамалар тұрғысынан бұл кезең деструктивті сипаттамалардың жиынтығымен анықталады және бұған көркем мәдениет мысал бола алады. Алайда, осы кезеңдерде мәдениеттің дамуындағы сындарлы, прогрессивті көріністер де көрінуі мүмкін және бұған ғылым мысал бола алады. Сонымен қатар, бай тарихи-мәдени материал, тұтастай алғанда, мәдениеттің дамуы бір мәдениеттен-жүйеден екіншісіне ауысқан кезде антропогендік бағыттағы мәдениеттің өсіп келе жатқан мазмұнының жолымен жүретіндігін көрсетеді.

Мұның рефлексияланбаған аспектілері, философиялық және мәдениеттанулық ғылыми әдебиеттерде категориялық түрде анықталмаған, эстетикалық категорияларға қатысты сұрақтар қоятын және зерттеушілерге оларды шешуге жауаптар мен тәсілдерді іздеуді ұсынатын көптеген эмпирикалық фактілермен алмастырылады. Мұндай бағыт қазіргі дәуірдің бір орында тұрмайтын сипатына байланысты. Сондықтан оны мәдени дәуірдің дамуындағы кезең болып есептелетін өтпелі сипаттағы және мәдениеттің дамуының жаңа шекараларына шығуы үшін қажетті негіз ретінде әрекет ететін әлеуметтік-мәдени трансформация ретінде сипаттау табиғи нәрсе. Әлеуметтік-мәдени трансформация-бұл жаңа дәстүрлер қалыптасатын жүйенің топтамасы деуге болады.

Әрине, сыртқы сипаттамалар тұрғысынан бұл кезең деструктивті сипаттамалардың жиынтығымен анықталады және бұған көркем мәдениет мысал бола алады. Алайда, осы кезеңдерде мәдениеттің дамуындағы сындарлы, прогрессивті көріністер де көрінуі мүмкін және бұған ғылым мысал бола алады. Сонымен қатар, бай тарихи-мәдени материал, тұтастай алғанда, мәдениеттің дамуы бір мәдениеттен-жүйеден екіншісіне ауысқан кезде антропогендік бағыттағы мәдениеттің өсіп келе жатқан мазмұнының жолымен жүретіндігін көрсетеді. Сонымен бірге мәдениеттің прогрессивті дамуында да әлеуметтік-мәдени өзгерістердің тағы бір маңыздылығын анықтайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Б.Б. Алпеисов. Мәдениеттану және дінтану негіздері. – Қостанай: ҚР ИМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы – 2015. – 194 б. – оқу құралы
2. Е. Борзова. Сравнительная культурология. Том 1. – Санкт-Петербург: «СПБКО», 2013. – 209 б. – кітап
3. С. Абдрахманов. Өнер өлкесі: зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар/ – Нұр-сұлтан: Фолиант – 2019. – 656 б. – кітап
4. А.Н. Тарасов Феномен «прекрасного» в художественной культуре постмодернизма: культурологический анализ: дис. канд. философских наук: 24.00.01/А.Н. Тарасов. – Липецк, 2010. – 37-38 бет. – диссертацияның авторефераты

5. Ж. Аймауытов. Жастар кім?//«Еңбек туы» газеті. – 1920 – №3. – газет
6. 2024 жылы киножобаларды іріктеудің басым тақырыптары анықталды. URL: https://forbes.kz/news/2024/01/04/newsid_315628 – 2024. – электронды ресурс (қаралған күні: 05.04.2024)
7. Ә.Бөпежанова. Өнер – жеке тәжірибе: Сыни-мәдениеттанушылық кітап. I. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі – 2007. – 328 б. – кітап

Серикбаева Анель Амангельдиновна
Магистрант 2 курса специальности
7М03214 – Связь с общественностью
ЕНУ имени Л.Н. Гумилева
Дана Онирбековна Байгожина
PhD, ассоц.профессор (и.о.доцент)
кафедры Телерадио и связь с
общественностью
ЕНУ имени Л.Н. Гумилева

Журналистика и ее роль в глобализации

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы современности в контексте воздействия постоянной динамики изменений на общество, а также роль и влияние журналистики в этих условиях. Анализируется, как некоторые прогрессивные изменения в современном мире оказали влияние на текущее положение дел в обществе, подчеркивая важность и актуальность данной темы в современном научном дискурсе.

Одной из первых и основных проблем, с которой столкнулась современная журналистика, заключается в трудности поддержания независимости от власти, особенно в контексте финансирования. СМИ, как институт, обязаны осуществлять постоянную критику общественных событий и действий власти. Однако, когда эти действия затрагивают интересы государства, вопросы финансирования и независимости СМИ становятся крайне сложными.

«Возникла небывалая ситуация. СМИ критиковали государство. Которое их финансировало, но уже не могло ими управлять ограниченность государственных средств, с одной стороны, и перспективы развития частного капитала с другой, поставили масс медиа перед выбором: а) довольствоваться ли тем, что выделяла казна; б) самим зарабатывать деньги; в) искать частных спонсоров. Самым привлекательным показался третий путь, суливший экономическую и творческую самостоятельность, а также независимость от государства при проведении самостоятельной информационной политики» [1].